

Сәтбаев қаласының дипломды жұмыссыз жастары үшін кәсіптік практика үйымдастыру туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Сәтбаев қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 17 маусымдағы N 14/09 қаулысы. Қарағанды облысы Сәтбаев қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 07 шілдеде N 8-6-84 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Сәтбаев қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 29/18 қаулысымен

Ескеरту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Сәтбаев қаласы әкімдігінің 2011.12.30 N 29/18 (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Зандағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Мемлекеттік басшының 2009 жылғы 6 наурыздағы "Дағдарыстан жаңарту мен дамуға" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" 2009 жылдың 6 наурызындағы N 264 қаулысына сәйкес жұмыссыз азаматтар – орта және жоғары кәсіптік білім оқу орындарының түлектерін жұмысқа орналастыру және олардың еңбек тәжірибесін, білімдері мен дағдысын жинақтау мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында қала әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Сәтбаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – уәкілдепті орган) занда белгіленген тәртіппен жұмыссыз ретінде тіркелген орта және жоғары кәсіптік білім оқу орындарын (бұдан әрі – кәсіптік оқу орындары) бітірген және алған мамандықтары бойынша жұмыс тәжірибелері жоқ жұмыссыз жастарды жұмысқа орналастыру жөнінде жұмыстар үйымдастырысын (бұдан әрі – жастар практикасы)

2. Жастар практикасы алты ай мерзімге үйымдастырылады.

3. Жастар практикасы бойынша іс-шараларды қаржыландыру "Жұмыспен қамту бағдарламасы" 002 бағдарламасының "Респубикалық бюджеттен түсетін ағымдағы нысаналы трансфертер есебінен әлеуметтік жұмыс орындарының және жастар практикасының бағдарламасын кеңейту" 103 кіші бағдарламасы бойынша қарастырылған бюджет қаражаты есебінен жүргізілсін.

4. Жастар практикасына жолданған жұмыссыздардың орташа айлық жалақысы 15 000 (он бес мың) теңге көлемінде белгіленсін.

5. Жастар практикасын ұйымдастыруды уәкілетті орган кәсіптік оқу орындарының түлектеріне уақытша жұмыс орындарын беруге ерік білдірген жұмыс берушімен шарт жасасу негізінде жүзеге асырады.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Сәтбаев қаласы әкімінің орынбасары
М.С. Мәдиеға жүктелін.

7. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

C.T. Медебаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК